



БҰЙРЫҚ

Аманжол № 11-1-4/483

Астана қаласы

ПРИКАЗ


город Астана

«Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстанда Тұрақты даму мақсаттарын тиімді іске асыру мақсатында Үйлестіру Кеңесін құру туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 20-11/2685 тапсырмасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда «Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылсын.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жұмыс тобы туралы ереже бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министрінің орынбасары Е.Н.Ашықбаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

МИНИСТР



Қ.ӘБДІРАХМАНОВ

«Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстанда Тұрақты даму мақсаттарын тиімді іске асыру мақсатында Үйлестіру Кеңесін құру туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 20-11/2685 тапсырмасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда «Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жұмыс тобы туралы ереже бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министрінің орынбасары Е.Н.Ашықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

МИНИСТР



Қ.ӘБДІРАХМАНОВ



Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер Министрінің
бұйрығына 1-қосымша
№ 11-14/483
2018 ж. 24.10.18

**Тұрақты даму мақсаттары бойынша
«Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы**

Қазақстан тарапынан:

- | | | |
|---------------------------------------|---|---|
| Әбдірахманов
Қайрат Құдайбергенұлы | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер Министрі, Төраға |
| Ашықбаев
Ержан Нигматуллаұлы | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер Министрінің орынбасары,
Төрағаның орынбасары |
| Рахметуллин
Ақан Ақасұлы | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер министрлігі Көпжақты
ынтымақтастық департаментінің
Директоры, Хатшы |
| Жүнісбекова
Мәдина Серікқызы | - | Қазақстан Республикасының Ұлттық
экономика Вице-министрі (келісім
бойынша) |
| Тоқтабаев
Тимур Серікұлы | - | Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму Вице-
министрі (келісім бойынша) |
| Жақыпова
Светлана Қабыкенқызы | - | Қазақстан Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау Вице-
министрі (келісім бойынша) |
| Биғари
Рүстем Айдарбекұлы | - | Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым Вице-министрі (келісім
бойынша) |
| Коновалов
Сергей Алексеевич | - | Қазақстан Республикасының Қоғамдық
даму Вице-министрі (келісім бойынша) |

- | | | |
|----------------------------------|---|--|
| Нұрғожин
Марат Рахмалиұлы | - | Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі Вице-министрі (келісім бойынша) |
| Цой
Алексей Владимирович | - | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Вице-министрі (келісім бойынша) |
| Щеглова
Динара Ринатқызы | | Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникациялар Вице-министрі (келісім бойынша) |
| Исабеков
Олжас Әзілұлы | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы экономикалық саясат департаментінің Директоры |
| Тоғызбаев
Олжас Қабдешұлы | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Көпжақты ынтымақтастық департаменті Директорының орынбасары |
| Қасенов
Олжас Тілеубергенұлы | - | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық және кеден заңнамасы департаменті Директорының орынбасары (келісім бойынша) |
| Бұлжанова
Анар Нұрбекқызы | - | Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің «Жасыл экономика» департаменті Директорының орынбасары (келісім бойынша) |
| Көшкінбаев
Нияз Жеңісұлы | - | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының орынбасары (келісім бойынша) |
| Викторов
Сергей Александрович | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Көпжақты ынтымақтастық департаменті БҰҰ басқармасының Басшысы |

- | | |
|------------------------------------|--|
| Куандықов
Әнуар Әбуұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық
банкiнiң Төлем балансы және
валюталық реттеу департаментiнiң
Директоры (келiсiм бойынша) |
| Ыдрысов
Марат Мәкейұлы | - АҚ «Қазақстандық индустрияны
дамыту институтының» Басқарма
Төрағасының орынбасары (келiсiм
бойынша) |
| Жахметова
Жанат Зарубекқызы | - АҚ «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация
холдингінің» Басқарма Төрағасының
орынбасары (келiсiм бойынша) |
| Сақуов
Нұрлан Нұртазаұлы | - «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер
палатасының Басқарушы директоры,
Экономика және талдау
департаментінің Директоры (келiсiм
бойынша) |
| Қазыбаев
Айдар Қалымтайұлы | - АҚ «Астана» Халықаралық қаржы
орталығы әкімшілігінің» Басқарушы
директоры (келiсiм бойынша) |
| Әбішева Мариан
Асарқызы | - Дипломатия институтының директоры
(келiсiм бойынша) |
| Асанова
Жәмилә Қасымқызы | - «АРГО» Азаматтық қоғамды дамыту
қауымдастығының Атқарушы
директоры (келiсiм бойынша) |
| Еспенова
Махаббат Мақсұтқанқызы | - «Камеда» қоғамдық қорының
Атқарушы директоры (келiсiм
бойынша) |
| Диас Лима | - ЗТБ «Қазақстанның азаматтық
альянсының» Директоры (келiсiм
бойынша) |
| Ибраимова
Шолпан Алтынбекқызы | - АҚ «Экономикалық зерттеулер
институтының» Бас сарапшысы
(келiсiм бойынша) |

Халықаралық ұйымдар тарапынан:

- | | | |
|-------------------------|---|--|
| Илейн Конкиевич | - | Қазақстан Республикасындағы «БҰҰ-Әйелдер» өкілдігінің Басшысы (келісім бойынша) |
| Хирохито Тода | - | Солтүстік және Орталық Азия бойынша ЭСКАТО субаймақтық Бөлімшесінің Басшысы (келісім бойынша) |
| Джованни Капаннелли | - | Қазақстан Республикасындағы Азиялық Банктің Өкілдігінің Директоры (келісім бойынша) |
| Ато Браун | - | Қазақстан Республикасындағы Дүниежүзілік Банктің Тұрақты өкілі (келісім бойынша) |
| Йоханнес Стенбек Мадсен | - | Ынтымақтастық бойынша бөлімнің Басшысы, Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы өкілі (келісім бойынша) |
| Рахымжан Асанғазиев | - | Дүниежүзілік Банктің Қазақстан Республикасындағы бағдарламалар мен жобалардың Бас үйлестірушісі (келісім бойынша) |
| Горюнова Ирина | - | БҰҰ Даму Бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты өкілінің көмекшісі (келісім бойынша) |
| Хан Ольга | - | БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғары комиссары Басқармасының бағдарлама қызметкерінің көмекшісі (келісім бойынша) |
| Ахметова Тоғжан | - | Ынтымақтастық мәселелері бойынша сарапшы, Мемлекеттік қызмет саласындағы Астаналық хаб (келісім бойынша) |

Сағымбаева Жанар

- Балалар құқығын мониторинг жасау бойынша маман, ЮНИСЕФ (келісім бойынша)

«Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобы туралы ереже

1. Жалпы ереже

1.1. «Серіктестік» бағыты бойынша Қазақстанның 2030 жылға дейін Тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ТДМ) енгізу және іске асыру жөніндегі Жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Жұмыс тобының негізгі міндеттері мен функциялары

2.1. Жұмыс тобының негізгі міндеті «Серіктестік» бағыты бойынша Қазақстанның 2030 жылға дейін Тұрақты даму мақсаттарына жету процесін енгізу, іске асыру және бағалау бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу болып табылады.

2.2. Жұмыс тобының функциялары:

- 1) ТДМ-ға қол жеткізу прогресін бағалау және мониторингілеу, талдау, ағымдағы жағдайды диагностикалау;
- 2) ТДМ көрсеткіштері мен міндеттерін енгізу, іске асыру және бейімдеу бойынша ұсыныстарды әзірлеу;
- 3) ТДМ көрсеткіштер жүйесін алдағы уақытта мониторингілеу үшін қалыптастыруға қатысу;
- 4) мемлекеттік жоспарлау жүйелерінің құжаттарына ТДМ көрсеткіштері мен міндеттерін енгізу;
- 5) 2030 жылға дейін болжамды мәндерін анықтау және ТДМ бастапқы көрсеткіштер жағдайын бағалау;
- 6) ТДМ-ны іске асыру нәтижелерін ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің қарауына енгізу (жылдық және жартыжылдық қорытынды бойынша);
- 7) ТДМ бойынша Ерікті ұлттық шолуын дайындауға қатысу;
- 8) Тұрақты дамудың бекітілген мақсаттары бойынша ТДМ-ға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына ұсыныстар әзірлеу;
- 9) ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің жұмыс органына ТДМ-ға қол жеткізу бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы ақпаратты беру;
- 10) ТДМ-ға қол жеткізу үшін басқа да функцияларды орындау болып табылады.

3. Жұмыс тобының құрамын өзгерту және қалыптастыру тәртібі

3.1. Жұмыс тобының құрамы мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу және халықаралық ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

3.2. Жұмыс тобы жетекшіден, оның орынбасарынан, хатшыдан және жұмыс тобының мүшелерінен тұрады.

3.3. Жұмыс тобының құрамына өзгерістер қажет болған жағдайда, жылына екі реттен артық емес енгізіледі.

4. Жұмыс тобын ұйымдастыру және жұмыс тәртібі

4.1. Жұмыс тобының отырыстары қажет болған жағдайда өткізіледі, бірақ тоқсанына кемінде бір рет.

4.2. Шешімдер Жұмыс тобы отырыстарының хаттамаларында көрсетіледі, олардың көшірмелері Жұмыс тобының мүшелеріне беріледі.

Жұмыс тобының мүшелері шешіммен келіспеген жағдайда өз пікірлерін білдіре алады, олар отырыс хаттамасына міндетті түрде енгізіледі.

4.3. Жұмыс тобының жетекшісі:

1) отырыстарда төрағалық етеді;
2) Жұмыс тобының отырыс хаттамаларына және басқа да құжаттарға қол қояды;

3) Жұмыс тобы отырысының күн тәртібін бекітеді;

4) «Серіктестік» бағыты бойынша тұрақты даму жөніндегі Үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін Жұмыс тобының жұмысына жалпы бақылауды жоспарлайды және жүзеге асырады.

5) «Серіктестік» бағыты бойынша Жұмыс тобының алдына қойған міндеттерін іске асыруға жауапкершілік алады.

4.4. Жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары:

1) Жетекші жоқ болған жағдайда, Жұмыс тобының отырысында төрағалық етеді;

2) Жұмыс тобының отырысына тартылған қатысушылардың құрамын қалыптастырып, күн тәртібін дайындауға қатысады;

3) Жұмыс тобының жұмысына жалпы бақылауды жүзеге асыруға және жоспарлауға қатысады.

4.5. Жұмыс тобының Хатшысы Жұмыс тобы жетекшісі немесе оны алмастыратын адам атынан:

1) Жұмыс тобының отырысын ұйымдастырады;

2) Жұмыс тобының мүшелеріне алдағы өтетін отырыс күнін және уақытын хабарлайды;

3) Жұмыс тобы мүшелері ұсынған ұсыныстарға сәйкес Жұмыс тобының құжаттар жобаларын және шешімдерін талқылау үшін Жұмыс тобының жетекшісімен келісіп, дайындайды;

4) Отырыстың хаттамаларын, сондай-ақ Жұмыс тобының мүшелеріне алдағы отырыс материалдарын әзірлейді және таратады;

5) Жұмыс тобының жетекшісі немесе оны алмастыратын адам берген басқа да тапсырмаларды орындайды.

4.6. Жұмыс тобының жұмысына шақыртылған сарапшылар:

1) Жұмыс тобының отырысына қатысады және өз пікірлерін білдіруге құқылы;

2) Жұмыс тобының тапсырмасы бойынша олардың қаралатын мәселелер бойынша пікірлерін білдіретін жазбаша қорытындыларды, есептерді және басқа да құжаттарды дайындайды.

5. Жұмыс тобы мүшелерінің міндеттері және құқықтары

5.1. Жұмыс тобы мүшелері:

1) Жұмыс тобы отырысының күн тіртібін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) Жұмыс тобының отырысына қатысуға шақырылған кандидатураларды ұсынуға;

3) қаралатын мәселелер бойынша материалдарды дайындауға қатысуға құқылы.

5.2. Жұмыс тобының мүшелері Жұмыс тобының отырысына қатысуға міндетті және өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.